

"Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін көмек беру туралы" Жамбыл аудандық мәслихатының 2017 жылғы 25 қыркүйектегі №17-2 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Жамбыл аудандық мәслихатының 2018 жылғы 22 мамырдағы № 26-3 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2018 жылғы 5 маусымда № 3848 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Жамбыл аудандық мәслихатының 2020 жылғы 25 маусымдағы № 64-4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Жамбыл аудандық мәслихатының 25.06.2020 № 64-4 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына және "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 18 бабының 5 тармағына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1."Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін көмек беру туралы" Жамбыл аудандық мәслихатының 2017 жылғы 25 қыркүйектегі № 17-2 шешіміне (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3536 болып тіркелген, 2017 жылғы 30 қыркүйектегі "Шұғыла-Радуга" газетінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

1) Аталған шешімнің 1 тармағындағы "екі" деген сөз "төрт" деген сөзбен ауыстырылсын.

2. Осы шешімнің орындалуына бақылау және интернет-ресурстарында жариялауды аудандық мәслихаттың аумақтық әлеуметтік-экономикалық дамуы, бюджет және жергілікті салықтар мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жамбыл аудандық мәслихаты

сессиясының төрағасы:

Д.Жузанов

Жамбыл аудандық

мәслихат хатшысының

міндетін атқарушы:

Т.Әбдібеков

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК